

**Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым
академиясының Қоғамдық және гуманитарлық
ғылымдар бөлімшесі жалпы жиналысының
ШЕШІМІ**

- 1. Бөлімше мүшелері - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктері мен корреспондент-мүшелері** Елбасының 2017 жылдың 26 қазанындағы «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Жарлығын ерекше құлшыныспен қабылдады. Ғалымдар бұл шешімді еліміздің өміріндегі елеулі оқиға – ұлт руханиятын жаңа өркениет пен гуманитарлық сапаға жеткізудің негізі деп есептейді.
- 2. Бөлімше мүшелері – еліміздің ғалымдары** латын әліпбиін енгізуді ғылыми және әдіснамалық қамтамасыз ету үшін келесі бағыттарда:
 - латын әліпбиін енгізуге бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізу;
 - латын жазуына көшкен түркі халықтарының тәжірибесін зерделеу;
 - қазақ тілінің латын графикасына негізделген орфография мен орфоэпия ережелерін дайындау;
 - латын графикасының негізінде қазақ тілінің терминологиялық қорын жүйелеу;
 - латын жазуына көшкен түркі халықтарының ортақ ғылыми терминдер қорын құруға өз үлесін қосуды негізгі мақсат деп санайды.
- 3. Ғалымдар** латын әліпбиін енгізуде техникалық, экономикалық тиімділікті басшылыққа алып, оны пайдалануда ықшамдық, көрнекілік және ыңғайлылық қағидаттарын іске асыру мақсатымен жан-жақты ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұсынады.

4. **Бөлімше мүшелері, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессор-оқытушылары** еліміздің ғалымдары мен жоғары оқу орындары оқытушыларын латын графикасын енгізуді әдістемелік қамтамасыз ету және осыған қажет мамандарды дайындауға, білімнің жаңартылған мазмұнына негізделген сапалы оқулықтар мен оқыту әдістемелерін жасап, ұстаздардың біліктілігін жүйелі түрде жетілдіру жұмысына белсенді түрде қатысуға шақырады.
5. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде академиялық институт ғалымдары зерттеу жүргізіп, әдістемелер дайындайтын **Латын графикасын енгізу** орталығын ашу ұсынылады.